

"Меңдіқара ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 9 қаңтардағы № 2 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 40-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 124-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес Меңдіқара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Меңдіқара ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Меңдіқара ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда көрсетілген Ереженің Әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Меңдіқара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Меңдіқара ауданы әкімдігінің "Меңдіқара ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2022 жылғы 11 сәуірдегі № 49 қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Меңдіқара ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Меңдіқара ауданының әкімі

Ғ. Бекбаев

Меңдіқара ауданы әкімдігінің
2024 жылғы "___" _____

№ ___ қаулысымен
бекітілген

"Меңдіқара ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Меңдіқара ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің мынадай ведомстволары бар:

- 1) "Меңдіқара орталықтандырылған кітапхана жүйесі" мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Меңдіқара ауданы әкімдігінің тілдерді оқыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 3) Меңдіқара ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Юбилейный" Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және атауы қазақ тілінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Бөлім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111300, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Боровское ауылы, Королев көшесі, 4 а.

10. Осы ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Бөлім кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

- 1) Қазақстан Республикасы халқының мәдениетін қайта түлетуге, сақтауға, дамытуға және таратуға бағытталған шаралар қабылдау;
- 2) ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарына баулу арқылы азаматтарды патриоттық және эстетикалық тәрбиелеу үшін жағдайлар жасау;
- 3) мәдени құндылықтарға еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- 4) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ету және материалдық-техникалық базасын нығайту;
- 5) дарынды тұлғаларды қолдауды қамтамасыз ету;
- 6) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алу, зерттеу және олардың жай-күйіне мониторинг жүргізу;
- 7) Қазақстан халқының тілдерін зерделеу мен дамыту үшін жағдайлар жасау.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

белгіленген тәртіппен Бөлімнің, оның ішінде соттарда құқықтары мен мүдделерін қорғауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

Бөлімнің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғаларға түсініктеме беру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ Қостанай облысы әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақтылы орындау.

15. Функциялары:

1) ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ шығармашылық қызметтің әртүрлі салаларында байқаулар, фестивальдер мен конкурстар өткізуді ұйымдастырады;

2) тиісті аумақта орналасқан мәдениет ұйымдары қызметінің мониторингін жүзеге асырады және уәкілетті органға ақпаратты, сондай-ақ белгіленген нысандағы статистикалық есептерді ұсынады;

3) тарихи-мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, тарихи, ұлттық және мәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды дамытуға жәрдемдеседі;

4) мәдениет саласында әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өткізуді жүзеге асырады;

5) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауды, есепке алуды, сақтауды, зерделеуді , пайдалануды және олардың жай-күйінің мониторингін қамтамасыз етеді;

6) мемлекеттік және басқа да тілдерді дамытуға бағытталған аудандық деңгейдегі іс-шараларды өткізеді;

7) облыстың атқарушы органдарына ауылдарды, ауылдық округтерді атау және қайта атау, сондай-ақ олардың транскрипциясын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

8) тіл қағидаты бойынша азаматтарды кемсітуге жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

9) ауылда, кентте маңдайшаны орналастыру туралы хабарламаларды қабылдауды және қарауды жүзеге асырады;

10) ауданның мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттаудан өткізеді;

11) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану бойынша жұмыстарын жүргізеді;

12) бюджет қаражатының көлемі шегінде балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерін қаржыландыруға арналған мемлекеттік шығармашылық тапсырысты бекітеді;

13) мемлекеттік шығармашылық тапсырыстың көрсетілетін қызметтерін берушілердің меншік нысанына, ведомстволық бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан, балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерінде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыруды қамтамасыз етеді;

14) мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастырудың, оның сапасын бақылаудың және нысаналы игерілуінің барлық кезеңдері мен рәсімдерінің электрондық және жалпыға қолжетімді форматтарда орындалуын қамтамасыз етеді

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 30.04.2025 № 45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 07.10.2025 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.12.2025 № 152 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Бөлімді басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Бөлімнің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттіктері:

- 1) Бөлім қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;
- 2) Бөлім қызметкерлерінің құрылымын, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді және лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
- 3) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 4) Бөлімді мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда ұсынады;
- 5) бірінші қол қою құқығына ие;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдамағаны үшін дербес жауапкершілікті алады;
- 7) Бөлім қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Бөлім қызметкерлерін көтермелеу, материалдық көмек көрсету шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалар салады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

19. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлімнің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

22. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.